


Қазақстанда жаңа екі банк ашылады

Дереккөз: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/dva-novyyih-banka-mogut-poyavitsya-v-kazahstane-497507/

Банк секторының шоғыры



Дереккөз: ҚРҰБ



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“Биыл банк секторы 2 банкпен толығы мүмкін: «КМФ» Микрокредиттік ұйымы» ЖШС және «Онлайнқазфинанс» (Solva) микроқаржы ұйымы» ЖШС банк лицензиясын алып, қайта ұйымдастыру үдерісін іске қосуы ықтимал.


Қазақстанның банк секторы жоғары шоғырланымдық сипатымен ерекшеленеді. 2022 жылдың соңында топ-1 банктің активтерінің үлесі 32%-ды, топ-5 банктердің үлесі 66%-ды құрады. Осылайша активтері мен капиталдары төмен банктердің ірі банктермен бәсекелес болулары қиын. КМФ және Solva активтері бойынша 2022 жылдың соңына қарай сәйкесінше 17 және 21-ші орындарға, сондай-ақ капиталдары бойынша 16 және 22-ші орындарға жайғасты. Қазіргі уақытта банктік бәсекелестікте басымдыққа ие бағалық емес факторлар мыналар: бірінші кезекте цифрландыру және жер-жерлерде үдерістерді автоматтандыру, банк өнімдері экожүйелерінің жасалып, салалас болуы және қаржы ұйымдарының адам өміріне жан-жақты тартылғандығы.

Ыңғайлы цифрлық платформалар және банк өнімдері бойынша бәсекеге қабілетті ұсыныстар беру жағдайында КМФ мен Solva клиенттерінің портфельдерін ұлғайта алады.”

АҚШ Өкілдер палатасы мемлекеттік борыштың лимитін көтеру туралы заң қабылдады

Дереккөз: <https://www.rbc.ru/politics/27/04/2023/6449a7bd9a7947b2fc51c0b1>

АҚШ мемлекеттік борышы



Дереккөз: <https://fred.stlouisfed.org>



Клара Сейдахметова

Талдаушы


“2022 жылдың қорытындысы бойынша АҚШ мемлекеттік борышы Жалпы ішкі өнімнің 120%-ын немесе 30.9 трлн долларды құрады. **2023 жылдың қаңтар айының соңында борыш бекітілген шекті мөлшер – 31.4 трлн долларға жетті. Ал қазіргі уақытта АҚШ-тың борышы 31.7 трлн долларды құрайды. Таяу күні АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасы мемлекеттік борыштың лимитін 1.5 трлн долларға көтеріп, 32.9 трлн долларға жеткізу туралы заң жобасын қабылдады.** Сонымен қатар аталмыш заң жобасы мемлекеттік шығындарды қысқарту және олардың жыл сайынғы өсімін 1%-дан асырмау және кейбір салықтық жеңілдіктерді жою секілді шараларды да қамтиды. Дейтұрғанмен, заң жобасының әрі қарайғы тағдыры көптеген сұрақтар мен пікірталастар тудырады. Алайда егер бекітілген шекті мөлшер қайта қарастырылмайтын болса, онда мемлекетті дефолт күтіп тұр. Ал ол әлемдік экономикаға сөзсіз әсер етері анық.

Осы жәрде Goldman Sachs Group Inc сарапшылары мемлекеттік борыштың шекті көрсеткішін көтеретін шекті уақыт шілде айының соңына сәйкес келетіндігін айтуда. Мұндай мәлімдеме жасауға бюджетке салықтардың жақсы түсіп жатқандығы негіз болды. Бұл дегеніңіз Қаржы министрлігіне өз ресурстарын маусымға дейін сақтауына мүмкіндік береді.”

Қазақстан мен Өзбекстанның кәсіпкерлері 900 мың долларға экспорттық келісім жасасты

Дереккөз: <https://atameken.kz/ru/news/49325-azastan-men-zbekstanny-kspkerler-00-my-dollar-eksportty-kelsm-zhasady>

Қазақстан мен Өзбекстанның тауар айналымы



Дереккөз: ҚР ҰСБ



Аят Сураганов

Талдаушы

“Таяуда, 27 сәуірде Ташкент қаласында «Қазақстан мен Өзбекстанның өзара өңірлік ынтымақтастығы аясында өнеркәсіптік кооперацияны дамыту» деп аталатын Іскерлік кеңестің 5-ші отырысы болды. Іс-шара барысында екі ел кәсіпкерлерінің бизнес барысында кездесетін түйіткілді мәселелері талқыланып, құрылыстан бастап, тігін өнеркәсібіне дейінгі аралықты қамтитын көптеген салалары бойынша сараптамалық келісімдер жасалды.

2022 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 4.98 млрд долларды құрады, оның ішінде Қазақстаннан жасалатын экспорт 3.69 млрд, ал импорт – 1.28 млрд доллар болды. Осымен екінші жыл қатарынан жалпы тауар айналымы жылына 30%-ға өсуде.

Негізгі экспорттық тауарлар: бидай (825 млн доллар), телефон аппараттары (320 млн) және мыс кендері (259 млн), темірдің жартылай фабрикаттары (223 млн), автомобильдер (220 млн) және жазық прокат (144 млн).


Негізгі импорттық тауарлар: автокөлік шанақтары (234 млн доллар), іштен жанатын қозғалтқыштар (154 млн), жүзім (45 млн), жазық прокат (41 млн) және қорғасын кендері (39 млн).

Сондай-ақ Түркістан облысының тауар айналымының жартысынан астамы Өзбекстанмен арада жүргізілетіндігі, ал бұл осы облыстың жалпы тауар айналымының 51.7%-ын немесе 446 млн долларды құрайтындығы атап өтілді.”

Қазақстанда мыс өндіруге сұраныс артты

Дереккөз: <https://24.kz/ru/news/economy/item/596689-spros-na-dobychu-medi-vyros-v-kazakhstane>

Мыс бағаларының қозғалысы



Мұнай мен мыс бағаларының ара-қатынасы



Гульназ Алдибекова

Талдаушы

“Қазақстанның геологиялық барлауында үлкен дүмпу орын алайын деп жатыр. Бұған металға деген әлемдік сұраныс себеп болуда. Нақты айтатын болсақ, «жасыл технологиялар» жобаларын белсенді түрде енгізу, әлемде электромобильдердің көптеп пайдаланыла бастауы және Қытайда құрылыс көлемінің артуы әсер етуде. Бұған қоса Қазақстанның мыс кендерін негізгі тұтынушы - Аспан асты елі тарапынан сұраныс артып жатыр. Осы ретте Қазақстанның мыс кендері мен концентраттарын экспорттаудың өңірлік құрылымында Қытайдың алар үлесі шамамен нақты көлемінде 85%-ды, ал ақшалай 90%-ды құрайды. Салалық сарапшылардың болжамдарына сәйкес әлемдік нарықта тазартылған мыс тапшылығы 2035 жылға қарай 10 млн тоннаға жетуі мүмкін. Демек, бұл сұраныс Қазақстанда осы металды көптеп өндірудің қозғаушы күшіне айналады деген сөз.”

2023.02.05 қарай қаржы нарығына шолу



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

«АҚШ-та тәуекел тобындағы First Republic Bank өткен аптада 100 млрд доллар көлемінде болатын депозиттерінен айырылғанын мәлімдеген еді. Әлемде бірнеше банктің банкротқа ұшырауы осы салада дағдарыстың орын алуына түрткі болды. Содан бері First Republic банкротқа ұшырауы ықтимал банктердің қатарына жатқызылды. Осы ретте 2023 жылы 3 банктің банкротқа ұшырауын болдырмау мақсатында 11 банк өткен айда 30 млрд доллар бөлді.

Инвесторлар депозиттер туралы нақты деректерді өте төмен бағалады. Сол екен, First Republic Bank акциялары арзандай бастады. Жағдайын қалпына келтіру мақсатында банк өзінің қаржылық ахуалын нығайтуға бағытталған жоспарын жариялады. Оның ішінде қызметкерлер құрамын 25%-ға қысқарту көзделген. Банк басқармасының уәдесіне қарамастан, деректер шыққан күні акцияларының бағасы 49%-ға арзандап кетті. Аптаның соңында First Republic акциялары 3.51 долларға дейін төмендеді (бір апта ішінде -75%). Содан кейін банк өзінің банкрот екендігін жариялады. Үкімет реттеуші органдардың жағдайды тұрақтандыру бойынша жасаған әрекеттері нәтиже бермеді.

Реттеушілер «банкті FDIC бақылауынан бергеннен көрі, жеке секторға сатқан артық», - деп санады. Бірақ реттеуші тәуекелдерді бөлуге уәде беріп, өзі ипотекалық кредиттер бойынша залалдардың 80%-ын 7 жылға, коммерциялық кредиттер бойынша залалдардың 80%-ын 5 жылға өзіне алуға міндеттеме қабылдады. Сондай-ақ қаржыландыруға 50 млрд доллар бөлді.

Осылайша демалыс күндері JP Morgan First Republic Bank-ің активтерін сатып алатындығын мәлімдеді. Сөйтіп FDIC-ке 10.6 млрд доллар төлейтін болады. Банк 173 млрд доллардың кредиттерін, 30 млрд болатын бағалы қағаздарды және 92 млрд долларды құрайтын депозиттерді алады. Бірақ банктің корпоративтік борыштары мен артықшылығы бар акцияларын алмайды.

Негізі First Republic-тің банкроттығы жүйелік тәуекелді білдірмеді. Енді JP Morgan- мен болған мәміле АҚШ-та банктік дағдарысқа нүкте қояды. Нарықты жағдай қалпына келе бастаған соң, біз салымдардың керісінше көбейетіндігін күтеміз. Сөйтіп, наурыздағы жылыстаудың орнын жабады деген үміттеміз.”

2023 жылы сәуірде тұтынушылық бағалардың жылдық өсімі 16.8%-ды құрады

Дереккөз : <https://new.stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/publications/6158/>

Jan Feb Mar Apr May Jun Jul Aug Sep Oct Nov Dec



Айжан Әлибекова

Талдаушы


“Айлық өсу қарқыны наурыздағы деңгейде қалды. 2023 жылдың сәуірінде тұтыну бағаларының жылдық өсімі 16.8%-ды құрады. Бұл жерде тамақ өнімдері мен ақылы қызметтер бағаларының өсімі бәсеңдеп жатса, азық түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы керісінше үдей түсті. Инфляциялық үдерістер құрылымының әртектілігі үдеп барады. Сондай-ақ бюджеттік ережелерден алшақтау және халықтың инфляциялық болжамының тұрақталмағандығы бағалық қысымның тез суынуына кедергі келтіруде. Тұрғын үй коммуналдық қызметтер және жанар жағар май нарығындағы қымбатшылық биыл инфляциялық ахуалдың жоғары болуына әкеп соғады. Ішкі сұраныс тұралауда. Оң серпінді азық-түлікке жатпайтын тауарлар сатылымының айтарлықтай өскендігімен түсіндіруге болады, ал сауда көлемінің шектен тыс өсуі тауарлардың тек ішкі тұтынуға ғана сатылып жатқандығына қатысты күмән тудырады. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша біз инфляцияны 12.3-14.4% деңгейінде болады деп күтеміз. Таяуда инфляция бойынша таргетті көтеруге қатысты жарияланған бастама бұл оның ағымдағы деңгейінің оңтайлылығына байланысты мәселе.

Таргеттен айтарлықтай және ұзақ ауытқу жұртшылық пен бизнес өкілдерінің болжамдарын тұрақтандыруда қиындықтар тудырады. Монетарлық шарттарды қатаңдату қажеттілігі тұрғысынан алғанда ағымдағы таргетке қол жеткізу мүмкін емес. Оның үстіне ол макроэкономикалық шарттарды тұрақтандыруға оң серпін бере алмайды, бірақ экономиканы құдырауға әкеп соғуы мүмкін. Отандық экономиканың құрылымына оңтайлы және қолжетімді жаңа таргетті белгілеу инфляциялық үдерістердің басқарымдылығын арттырып, макроэкономикалық ортаны тұрақтандырады.”

Астық бастамасы: БҰҰ басшысы жаңа іс жоспар ұсынды

Дереккөз : https://forbes.kz/news/2023/04/25/newsid_299831

Ғаламдық дәнді дақылдар нарығы



Дереккөз fao.org



Айжан Әлибекова

Талдаушы

“Антониу Гутерриштің әрекеті Украинаның астығын Қара теңіздегі порттар арқылы экспортқа шығару мәселесін шешуге бағытталғаны белгілі. Ал Ресей өз кезегінде украиндік порттарды оқшаулап тастаған болатын. Кейін «Қара теңіз астық мәмілесі» деген келісім жасалды. Соған сәйкес қару-жарақ экспортына қатысты санкциялық режим жұмсартылатын болса, Ресей украиналық астықтың экспортқа шығарылуына кедергі жасамайды. Мәміленің күші екі рет ұзартылды (соңғы рет 19 наурызда). Осы уақыт ішінде 24 млн тонна астық экспортталды.

Наурызда Ресей мәміленің тағы да 120 күнге ұзартылуына қарсы шығып, одан 2 есе аз мерзім тағайындалуын талап етті. Мамырдың ортасында астық бастамасының кезекті мерзімі тағы да аяқталады.

Ресейдің ауыл шаруашылығы экспортына шектеу қойылған. Өйткені оған екінші деңгейдегі санкциялар қолданылады. Ол сондай-ақ кеме жүргізетін, сақтандыру және банктік ұйымдарға қолданылады. Бұл Ресейдің наразылығын тудырады және ол мәмілені ұзарту бойынша жаңа шарттар ұсынады. Ал бұл жоғарыда аталған санкцияларды ғана емес, сонымен қатар экономикалық санкциялардың айтарлықтай бөлігін алып тастауды талап етеді.

Украиналық астық әлемдік азық-түлік қауіпсіздігінде маңызды рөл атқарады. USDA болжамына сәйкес Украина ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруші әлемдегі топ-10 өндірушінің қатарына кіреді. Қазір украиналық тараптың да астық бастамасы мәмілесін жүзеге асыру шарттарына көңілі толмайды. Сондай-ақ Киев астық келісімін кемінде 1 жылдық мерзімге ұзарту керектігін алға тартуда. Ондағы мақсат – астық экспортын ұзақ мерзімге жоспарлауға қол жеткізу. Сонымен мәміле ұзартыла ма? Мүмкін. Бірақ екі жақтың да талаптары толығымен орындалмасы анық.”

Авторлары: Аят Сураганов, Сұңғат Рысбек, Клара Сейдахметова, Гульназ Алдибекова, Айжан Әлібекова

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz